


**КЕЛІСЕМІН:**

«К.Салықов атындағы орта мектеп» КММ  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 А.С.Абильмажинова

« 2 » *сәуір* 2025 жыл

**БЕКІТЕМІН:**

«К.Салықов атындағы орта мектеп» КММ  
Мектеп директоры:

 А.К.Уайсова

« 3 » *сәуір* 2025 жыл

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША  
КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ  
9 «А» СЫНЫБЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

**СЫНЫП ЖЕТЕКШІ: Жанабергенов А.К**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

**Жоспарға негіздеме:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

**Үштаған** – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Өскелең-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

## **БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

## **БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

### Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

### Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

### Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

### Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

## **БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:**

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- **КҮНДЕЛІКТІ:**

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- **апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

- Буллингтен қорған!

- Ойынға салауатты көзқарас;

- Өмірге салауатты қадам;

- Қоғамдық мүлікті қорға!

- Қауіпсіз қоғам.

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.

- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.

- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.

- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашарлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

- «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

- Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «ТikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

- «Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккроссингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сәресін құру ұсынылады.

- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа

2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.0

**БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСİNДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ  
БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ КҮТІЛЕДІ:  
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

**9-11 сынып:**

- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
- отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
- Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

**ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ**

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

**9-11 сынып:**

- әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
  - ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
  - басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
  - қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
- мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

**ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

**9-11 сынып :**

- нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
- тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

**ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП**

- Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

**9-11 сынып :**

- өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
  - моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
- тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

### **ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК**

#### **9-11 сынып:**

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
  - өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
  - нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
- еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

### **ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

- Құзыреттілік: шығармашылық

#### **9-11 сынып:**

- зерттеу жүргізу және ғылым тәсілді қолдану қабілеті;
- ақпаратты талдау және бағалау;
- жаңа идеяларды ұсыну;
- заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
- мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

### **2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР**

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

## ТӘРБИЕНІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі);
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
<b>Қыркүйек – «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКТІЛІК» АЙЫ</b>				

<b>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)</b>				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	<b>Сынып сағаты</b> «Менің Отаным-Қазақстаным!» <i>«Адалдық сағаты» адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған сағат</i> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <b>Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары</b>	Сынып сағаты, БАҚ-на жариялау	Сынып жетекшілер	Қыркүйектің 1 аптасы 02.09.25ж
<b>Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!</b>				
2	«Бақытты жанұя-бақытты ел» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <b>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</b>	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қыркүйектің 2 аптасы 08.09
<b>Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/</b>				
3	Сынып сағаты «Досбол Like», <b>Алдын алу шаралары:</b> «Қоғамдық мүлікке азаматтық жауапкершілік!» «Сөзбен де жаралауға болады..» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b>Қақтығыс соңыдағы жауапкершілік</b>	Сынып сағаты Досболайықты қарау керек	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 3 аптасы 15.09
<b>Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)</b>				
4	Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 4 аптасы 22.09
<b>Қазан айы – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ</b>				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				

Апта дәйексөзі :Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				
5	Сынып сағаты «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» Қауіпсіздік сабағы(10минут) Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз?	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қазанның 1 аптасы 29.09
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
6	«Сенің цифрлық көлеңкең: интернет сен туралы нені біледі? Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Профилактикалық сынып сағаты (ойынға құмарлықтың алдын алу) Сынып жетекшісі	Сынып жетекшісі	Қазан айының 2 аптасы 06.10
	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	«Еңбегі адал-жас өрен» жобасын іске асыру	Сынып жетекшісі	Қазан айының 2 аптасы
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
7	<b>Сынып сағаты</b> «Жалған ақпарат пен плагиаттың зардабы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Қазан айының 3 аптасы 13.10
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
8	<b>“Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның маңызы”</b> Қауіпсіздік сабағы (10 минут) “Ештеңеге өкінбеу үшін дұрыс таңдауды қалай жасау керек?”	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Қазан айының 4 аптасы 20.10
	<b>Ата-аналар жиналысы:Мамандық таңдау</b>		Сынып жетекшісі	Қазан айының 4 аптасы
<b>Қараша – «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» АЙЫ</b> қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша–Халықаралық толеранттылық күні				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
9	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс».	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қазан айының 4 аптасы

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жасөспірім және еңбек қатынастары»			03.11
<b>Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!</b>				
10	-«Теңге–Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» Қауіпсіздік сабағы 10 минут Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қараша айының 1 аптасы 10.11
<b>Апта дәйексөздері: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі</b>				
11	«Адал болу — жеңіске жетудің кепілі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b>Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары</b></i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қараша айының 2 аптасы 17.11
	Өмірге Салауатты қадам		Сынып жетекшілер	Қараша айының 2 аптасы
<b>Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!</b>				
12	«Жақсы ұйқы + пайдалы ас + спорт = бұл менің таңдауым!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</b></i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, психолог	Қараша айының 3 аптасы 24.11
	<i>Жауапкершілік ер азаматтың басты міндеті</i>		Сынып жетекшілері	Қараша айының 3 аптасы
<b>Желтоқсан – «БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ» АЙЫ</b> 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
<b>Апта күндері: Бірлігі күшті ел озады</b>				
13	Сынып сағаты «Электронды темекі: сән бе?» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Қақтығыс соңыдағы жауапкершілік</i>	Сынып сағаты, Мектептегі /сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	Желтоқсан айының 1 аптасы 01.12
<b>Апта дәйексөзі: Үнтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді</b>				
14	«Досбол Like» жобасын іске асыру Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Ата-аналарға деген сенім өмірде	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсан айының 2 аптасы 08.12

	маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?			
<b>Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас</b>				
15	<b>Сынып сағаты</b> «Тәуелсіздік – бабалар аманаты» Тәуелсіздігім – мақтанышым» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <i>Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз?</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсан айының 3 аптасы 15.12
<b>Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған</b>				
16	Сынып сағаты «Достық әлемі – татулық мекені» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Желтоқсан айының 4 аптасы 22.12.
	<b>Ата-аналар жиналысы: Баланың басты ұстазы ата-ана</b>		Сынып жетекші	Желтоқсан айының 4 аптасы
<b>Қаңтар – «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АЙЫ</b> <b>1 қаңтар -Жаңа жыл</b>				
<b>Апта дәйексөзі: Талап бар жерде тәртіп бар</b>				
17	«Заңды құрметтеу — жауапкершілікті арттыру» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>«Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»</i>	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қаңтардың 2 аптасы 12.01
<b>Апта дәйексөзі: Әділ заң – аспан тірегі</b>				
18	«Досбол Like» , жобасын іске асыру Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b><i>Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары</i></b>	Сынып сағаты	Сынып сағаты	Қаңтар айының 3 аптасы 19.01
<b>Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды</b>				
19	«Заң және тәртіп» құндылығы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қаңтар айының 4 аптасы

	Қауіпсіздік сабақтары (10 минут) «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»			26.01
<b>Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық</b> <b>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні</b> <b>Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні</b>				
<b>Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге</b>				
20	Сынып сағаты «4-ақпан-Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» Әлеуметтік желілер: пайдасы мен зияны («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында) Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Ақпан айының 1 аптасы 02.02
<b>Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала</b>				
21	Сынып сағаты Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b>Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	Ақпан айының 2 аптасы 09.02
<b>Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер</b>				
22	Сынып сағаты «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіз сағаты (10 минут) «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Ақпан айының 3 аптасы 16.02
<b>Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы</b>				
23	Сынып сағаты «Бөтен адамдармен қарым-қатынас ережелері» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <b>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Ақпан айының 4 аптасы 23.02
<b>Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b> 1 наурыз – Алғыс айту күні				

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
<b>Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)</b>				
24	Сынып сағаты «Кішіпейілділік пен алғыс – қоғамның алтын негізі»/ «Қоғамдық мүлікті құрметтеу мәдениеттіліктің белгісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Наурыз айының 1 аптасы 02.03
<b>Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік</b>				
25	Сынып сағаты «Қоғамдық мүлікті құрметтеу – мәдениеттіліктің белгісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>Егер сіз желіде          қорқытуға тап болсаңыз?</i>	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Наурыз айының 2 аптасы 09.03
<b>Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады</b>				
26	Сынып сағаты «Наурыз – қазақ халқының ұлы дәстүрі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Наурыз айының 3 аптасы 16.03
	<b>Ата-аналар жиналысы: ”Балаңыздың ой пікірін ояту”</b>		Сынып жетекші	
<b>Сәуір – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ</b> 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
<b>Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)</b>				
27	Сынып сағаты «Біз таңдайтын кітаптар» қалыптастыруға болады?» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуір айының 1 аптасы 06.04
<b>Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)</b>				

28	7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай «Денсаулықты сақтаудың қарапайым жолдары» «Салауатты өмір салты – менің ұстанымым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>«Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»</i>	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер	Сәуір айының 2 аптасы 13.04
<b>Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар</b>				
29	«Досбол Like» , Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуір айының 3 аптасы 20.04
<b>Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер</b>				
30	Қоғамдық мүлікті қорға! Сынып сағаты «Мәдениет – біздің күнделікті өміріміз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ) <i>«Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»</i>	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Сәуір айының 4 аптасы 27.04
<b>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы</b> <b>«Таза Қазақстан»</b> 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні еске алу күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын				
<b>Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ</b>				
31	«Ерлік сабақтары»/ «Достық бірлік пен ынтымақ негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>«Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»</i>	сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Мамыр айының 1 аптасы 04.05
<b>Апта дәйектері: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ</b>				

32	«Достық-бірлік пен ынтымақ негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Мамыр айының 2 аптасы 11.05
	«Туған өлкемнің табиғаты менің аманатым» <i>Жасыл мекен</i> Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Эколог мамандарымен кездесу	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамыр айының 2 аптасы
<b>Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)</b>				
33	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамыр айының 3 аптасы 18.05
	«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» эчелленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Мамыр айының 3 аптасы
	<b>Ата-аналар жиналысы: Оқушылардың жылдық қорытындысы</b>		Сынып жетекші	Мамыр айының 3 аптасы 18:00
<b>Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/</b>				
34	Білімім – Отаным! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>Қауіпті хобби және серуендеу орындары</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Мамыр айының 4 аптасы 25.05
	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін қорытындылау Қамқоршылық кеңес отырысы	Сабақтар	Сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог	Мамыр айының 4 аптасы

